| КМГ ИНЖИНИРИНГ | «ҚМГ ИНЖИНИРИНГ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ | |
|---|---|---|
| | **Документ түрі: Саясат** | **«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-інің Байқаушы кеңесінің шешімімен бекітілді «04» 12 2020 ж., №10/2020 хаттама** |
| | **«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-нің жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясаты** | |
| | **KMGE-GD-101.1-10/03** | **1 беттен 1-бет** |

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС және оның филиалдары (бұдан әрі - Серіктестік) жерүсті көлік құралдарын пайдалану және қызмет көрсету, жол-көлік оқиғаларын болдырмау және Серіктестіктін мүлкіне олардың салдарлары мен зиянының ауыртпалығын азайту кезінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау басымдығын белгілейді.

Серіктестік жол-көлік оқиғаларына байланысты шығындар мен залалға қатысты мүлдем төзбеу қағидатын ұстанады.

Осы Саясатты іске асыру үшін Серіктестік басшылығы ол орындайтын және мердігерлік ұйымдар олардың орындалуын талап ететін мынадай міндеттемелерді өзіне қабылдайды:

1. Жол қозғалысы қауіпсіздігі және көлік құралдарын қауіпсіз басқару саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының, ұлттық және халықаралық стандарттардың, ішкі құжаттардың талаптарын сақтау.
2. Көлік қауіпсіздігіне қатысты жоғары басшылықтың көшбасшылығы мен бейілділігін көрсетуді, әр қызметкер өзінің жеке қауіпсіздігіне және оны қоршаған адамдардың қауіпсіздігіне жауапкершілікті сезінгенде әр қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін дамытуға белсенді тарту.
3. Қауіпсіз белдіктерін мүлтіксіз пайдаланылуын және Серіктестіктін көлік құралдарының қозғалысы кезінде жылдамдық режимінің сақталуын талап ету. Серіктестіктін жүргізушілеріне көлік басқару кезінде мобильді құралдарды пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады.
4. Жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы тәуекелдерді анықтау, бағалау және жоюды жүзеге асыру және жол берілмейтін тәуекелдер үшін басқарудың қосымша шараларын қалыптастыру.
5. Көлік құралдарының жарамдылығына, әрбір желіге шығар алдында белгіленген нормаларға сәйкес толық көлемде жинақталуына техникалық тексеру жүргізу.
6. Қызметкерлерді Серіктестік ішінде де, сондай-ақ мердігерлік ұйымдар мен мүдделі тараптар арасында да жол қозғалысы ережелерін және көлік қауіпсіздігін сақтағаны үшін ынталандыру және көтермелеу.
7. Көлік құралдарын пайдалану кезінде денсаулық жағдайының нашарлауын болдырмайтын жүргізушілердің денсаулығы үшін қолайлы жағдайлар, еңбек және тынығу режимін қамтамасыз ету.
8. Қорғаныстық жүргізу бағдарламасы бойынша Серіктестіктін жүргізушілері мен басқа да қызметкерлерін оқытуды және біліктілігін арттыруды жүргізу.
9. Серіктестіктін жүргізушілеріне жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету дағдыларын жетілдіру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру.
10. Серіктестіктін сапарларын ұйымдастыру және басқару жүйесін дамыту шеңберінде озық тәжірибе негізінде көлік құралдарын бақылаудың және мониторингілеудің тиімді құралдарын енгізу.

Осы Саясатта берілген міндеттемелер көлік қауіпсіздігі саласындағы мақсатты анықтау үшін негіз болып табылады, Серіктестікке, мердігерлік ұйымдарға, қызметтердің өнім берушілеріне таратылады және серіктестермен Серіктестіктін іскерлік қарым-қатынастар жүйесіне енгізіледі.

Серіктестік басшылығы осы Саясатты іске асыру үшін барлық қажетті ресурстардың ұсынылуына жауапты болады.

Осы саясатты «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС және оның филиалдарының қолдануы белгіленген тәртіппен ұқсас саясатты әзірлеу және бекіту немесе ұйымдардың ішкі құжаттарын осы Саясатқа сәйкес келтіру жолымен жүзеге асырылады.

| | | |
|---|---|---|
| КМГ ИНЖИНИРИНГ | **ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «КМГ ИНЖИНИРИНГ»** | |
| | **Тип документа: Политика** | **Утверждена решением Наблюдательного совета ТОО «КМГ Инжиниринг» от «24» 12 2020 г., протокол № 10/2020** |
| | **Политика в области безопасной эксплуатации наземных транспортных средств ТОО «КМГ Инжиниринг»** | |
| | **KMGE-GD-101.1-10/03** | **стр. 1 из 1** |

ТОО «КМГ Инжиниринг» и его Филиалы (далее – Товарищество) устанавливают приоритет сохранения жизни и здоровья работников при эксплуатации и обслуживании наземных транспортных средств, предотвращения дорожно-транспортных происшествий и снижения тяжести их последствий и ущерба имуществу Товарищества.

Товарищество следует принципу нулевой терпимости в отношении потерь и ущербов, связанных с дорожно-транспортными происшествиями.

Для реализации настоящей Политики руководство Товарищества принимает на себя следующие обязательства, которые она будет выполнять и требовать их выполнения подрядными организациями:

1. Соблюдать требования законодательства Республики Казахстан, национальных и международных стандартов, внутренних документов Товарищества в области безопасности дорожного движения и безопасного управления транспортными средствами.
2. Демонстрировать лидерство и приверженность высшего руководства в отношении транспортной безопасности, активно вовлекать каждого работника Товарищества в развитие культуры безопасного вождения, когда каждый работник осознает ответственность за свою личную безопасность и безопасность окружающих его людей.
3. Требовать неукоснительного использования ремней безопасности и соблюдения скоростного режима во время движения транспортных средств, привлекаемых Товариществом. Категорически запрещается водителям транспортных средств, привлекаемых Товариществом, пользоваться мобильными средствами связи во время управления транспортом.
4. Осуществлять выявление, оценку и устранение рисков в области безопасности дорожного движения и формировать дополнительные меры управления для недопустимых рисков.
5. Проводить технический осмотр исправности транспортных средств, проверять их укомплектованность в полном объеме в соответствии с установленными нормами, перед каждым выездом на линию.
6. Стимулировать и поощрять работников Товарищества за соблюдение правил дорожного движения и транспортной безопасности как внутри Товарищества, так и среди подрядных организаций и заинтересованных сторон.
7. Обеспечивать благоприятные для здоровья условия, режим труда и отдыха водителей, предотвращающих ухудшение состояния здоровья при эксплуатации транспортных средств.
8. Проводить обучение и повышение квалификации водителей и других работников Товарищества по программе защитного вождения.
9. Организовывать мероприятия по совершенствованию водителями транспортных средств, привлекаемых Товариществом, навыков оказания доврачебной помощи пострадавшим в дорожно-транспортных происшествиях.
10. Внедрять эффективные средства контроля и мониторинга транспортных средств на основе передового опыта в рамках развития системы организации и управления поездками Товарищества.

Обязательства, выраженные в настоящей Политике, являются основой для установления целей в области транспортной безопасности, распространяются на Товарищество, подрядные организации, поставщиков услуг и включаются в систему деловых отношений Товарищества с партнерами.

Руководство Товарищества несет ответственность за предоставление всех необходимых ресурсов для реализации настоящей Политики.